

ЭОЖ 657.37
ГТАМР 06.81.85**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК: ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕГІ МАҢЫЗЫ
МЕН ӘДІСТЕМЕСІ****Б.С. Қорабаев¹**¹*Қаржы Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан***Н.Б. Абдрахманова²**²*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан***Андатпа**

Экономика мен қоғамның қазіргі замандағы даму сатысында ең аз зиянды әсерлердің аз болуын ескеретін немесе табиғи потенциалды жақсартуға апаратын шаруашылықты жүргізу әдістерін әзірлеу, оны қолдану шаруашылық етуші субъектілерден қоршаған ортаға әсерін бағалауды және табиғатты қорғау шараларын жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті реттеу кезінде, есептік терминология, есепті экологияландыру кешендік әдістемесі, бухгалтерлік (қаржылық) есептілікте экологиялық ақпаратты ашу талаптары түсініктемесінің бар болуымен қатар экологиялық аспектілер айтарлықтай жүйесіз айқындалады. Осыдан шаруашылық субъектілердің есептік процестерінің құрамдас бөлігі ретіндегі қаржылық-бухгалтерлік жүйенің экологиялық сұрақтарын қарастыру қажеттілігі пайда болады. Мақалада экологиялық қаржылық есептілікке түсінік берілген, экологиялық есептің негізгі аспектілері қарастырылған, экологиялық есепке анықтама берілген, экологиялық есептің құрамдас бөліктері анықталған, ISO 14001-ге жүгіне отырып экологиялық саясатты мазмұны зерттелген, қаржылық есептілік әлеуметтік факторларды ашудағы ролі зерделенген. Сонымен бірге GRI принципіне негізделген корпоративтік есептілік жүйесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: табиғаты қорғау, кәсіпорын есебі, экологиялық есеп, экологиялық қаржылық есептілік, экологиялық көрсеткіштер, экологиялық сипаттағы ақпарат.

**ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ УЧЕТ: ЗНАЧЕНИЕ И МЕТОДОЛОГИЯ
В ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ****Корабаев Б.С.¹**¹*Финансовая Академия, Нур-Султан, Казахстан***Абдрахманова Н.Б.²**²*СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан***Аннотация**

На современном этапе развития экономики и общества разработка методов экономического управления, которые учитывают минимальное воздействие хозяйствующих субъектов на окружающую среду требует улучшения оценки природного потенциала и его применения. В настоящее время при регулировании бухгалтерского учета и бухгалтерской (финансовой) отчетности экологические аспекты отражаются в некоторой степени бессистемно, при отсутствии разъяснений учетной терминологии, комплексной методики экологизации учета, требований к раскрытию экологической информации в бухгалтерской (финансовой) отчетности. Отсюда возникает необходимость рассмотрения экологических вопросов финансово-бухгалтерской системы как составной части учетных процессов хозяйствующих субъектов. В статье дано понятие экологической финансовой отчетности, рассмотрены основные аспекты экологического учета, дано определение экологического учета, определены составные части экологического учета, исследовано содержание экологической политики на основе ISO 14001, рассмотрена роль финансовой отчетности в раскрытии социальных факторов. Также рассмотрена система корпоративной отчетности основанная на принципах GRI.

Ключевые слова: охрана природы, отчетность предприятия, экологический учет, экологическая финансовая отчетность, экологические показатели, информация экологического характера.

ECOLOGICAL ACCOUNTING: VALUE AND METHODOLOGY IN FINANCIAL REPORTING

B.S. Korabayev¹

¹*Financial Academy, Nur-Sultan, Kazakhstan*

N.B. Abdrakhmanova²

²*NKZU named after M. Kozybayev, Petropavlovsk, Kazakhstan*

Abstract

At the present stage of economic and social development, the development of economic management methods that take into account the minimal environmental impact of business entities requires an improvement in the assessment of natural potential and its application. Currently, when regulating accounting and accounting (financial) statements, environmental aspects are reflected to some extent haphazardly, in the absence of explanations of accounting terminology, a comprehensive methodology for greening accounting, and requirements for the disclosure of environmental information in accounting (financial) statements. Hence the need arises to consider the environmental issues of the financial and accounting system as an integral part of the accounting processes of business entities. The concept of environmental financial reporting is given in the article, the main aspects of environmental accounting are considered, the environmental accounting is defined, the components of environmental accounting are defined, the content of environmental policy based on ISO 14001 is examined, the role of financial reporting in disclosing social factors is examined. A corporate reporting system based on GRI principles is also considered.

Key words: environmental protection, enterprise reporting, environmental accounting, environmental financial reporting, environmental indicators, environmental information.

Кіріспе

Ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибе, табиғатты қорғау қызметімен байланысты шығыстар мен міндеттемелер маңызды бола түскені соншалықты, оған жеткіліксіз назар аудару, қаржылық есеп пен есетілікте қалыптасатын кәсіпорын мен ұйымдардың қаржылық жағдайын қате бағалау тәкелін айтарлықтай арттыра түсетінін көрсетеді.

Бұл шаруашылық етуші ұйымның экологиялық дәулеттілігін қалыптастыратын басқарушылық шешімдерді қабылдаудың объективтілігі мен тиімділігінде көрініс табады. Бұл тәуекел деңгейін, инвестициялық тартымдылықты, бәсекеге қабілеттілікті және жалпы кәсіпорын имиджін біршама өзгерте алады.

Талдау әдістері

Қазақстанның әлемдік нарыққа интеграциялану жағдайында және есеп жүргізу мен есептіліктің халықаралық стандарттарына өтуімен байланысты Қазақстанның көптеген кәсіпорындары экологиялық саясатты, оны іске асырудың кешенді бағдарламаларын әзірледі, қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жоспарлады, қаржылық аспектілерді талдауды, экологиялық тексерістер жүргізуді қолданып жүр. Алайда, бүгінге дейін кәсіпорынның табиғатты пайдалану мен табиғатты қорғау қызметінің есебін жүргізудің барлық құрамын қамтыған стандарттар мен ережелер жасалмаған: экологиялық активтердің, экологиялық пассивтердің, экологиялық нәтижелердің бухгалтерлік есебі және олардың экологиялық есептілікте көрініс табуы.

Қазақстандық компаниялар үшін экологиялық есеп ұғымы таныс емес, ол әзірше отандық заңнамамен регламенттелмеген. Сонымен қатар, өндірістік объектілердің экологиялық қауіпсіздігін көтеру туралы талаптарды орындау кезінде, ұйымдар, жүзеге асыратын табиғатты қорғау шараларының қаржылық есебін тапсыру жөнінде тығырыққа тіреліп қалады.

Экологиялық есеп принциптері бүкіл әлемде белсенді даму үстінде. Қазақстандағы экологиялық есептің қазіргі кездегі жағдайын талдай келе, қазақстандық кәсіпорындар үшін капиталды бастапқы жинақтау сатысы, сондай-ақ экологиялық талаптар есебінсіз пайда алуға бейімделу тән екенін атай кеткен жөн. Алайда, қазіргі кезде де қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеумен байланысты және экологиялық таза өнімді жөн көретін тұтынушылардың қысымымен өндірісті экологиялауға ықпал ететін бірнеше факторлар жұмыс істеуде.

Зерттеу нәтижелері

ҚР Қаржы министрлігі компанияларға экологиялық қызмет туралы ақпаратты ашу кезінде 1 Қаржылық есептің халықаралық стандартының (ҚЕХС 1) 39 тармағын қолдануды ұсынды. Ол, егер атқарушы орган оны экономикалық шешімдер қабылдау барысында мүдделі пайдаланушыларға пайдалы деп шешсе, қаржылық есепке ілесетін мәліметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұл табиғатты қорғау шаралары туралы ақпаратқа тиесілі.

Табиғатты қорғау туралы есептілік ұйымның табиғатты қорғау туралы ақпаратын аша отырып, оның жылдық есебінде меншік иелеріне басшылықтың қызметін бағалауға көмектеседі, кең көлемді қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді, ұйымның оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Экологиялық қаржылық есептілік – бұл:

- табиғатты қорғау қызметіне инвестициялар бойынша есептілік;
- қоршаған ортаны қорғауға жалғыз фирмалық шығыстар бойынша және олардың қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ету деңгейі туралы есептілік;
- қоршаған ортаны қорғау және оңтайлы табиғатты пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалатын шығыстар бойынша есептілік;
- табиғатты қорғау қызметін басқару және оны жоспарлау бойынша шығыстар жөніндегі есептілік;
- зиян салдарларын жоюмен байланысты шығыстар жөніндегі есептілік;
- ерікті немесе сот шешімімен өтелген шығыстар жөніндегі есептілік;
- алдағы кезеңдерге арналған қоршаған ортаны қорғау саласындағы шаралардың қаржылық салдарлары бойынша есептілік.

«Табиғатты қорғау шаралары туралы қосымша ақпаратты ашып көрсету кезінде ұйымның қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі өткізілетін және жоспарланған шаралары, сол шаралардың есепті жылдағы пайдалылығы мен ұзақ мерзімді сипаттағы салымдар деңгейіне ықпалы, алдағы кезеңдерге арналған қаржылық зардаптардың сипаттамасы, табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін төлемдер, экологиялық төлемдер және табиғи ресурстар үшін төлемдер туралы, қоршаған ортаны қорғау бойынша ағымдағы шығыстар және олардың ұйым қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал ету деңгейі туралы мәліметтер келтіріледі.

Нақты алғанда 1 ҚЕХС-да экологиялық есептің негізгі аспектілері жазылған [1]. Ол аспектілер кәсіпорын өткізетін табиғатты қорғау қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Сөйтіп, заң тұрғысынан алғанда, экологиялық есептің мақсаты пайдаланушыға экологиялық қауіпсіздікке жұмсалған шығындар туралы объективті ақпарат беру болып табылады.

Қазіргі заманғы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсері бір-бірте агрессиялық сипатқа айналып барады. Қазіргі кезде Қазақстанда табиғатты қорғау шараларына кететін шығындарды және тиімді табиғатты пайдалануды реттейтін, оларды есепте ашып көрсететін есеп, стандарт жоқ. Сонымен қатар, экологиялық

қауіпсіздікке жұмсалатын шығындардың есебін жүргізу оларды бақылау мәселесі әлі де шешімін таппай келеді немесе дискуссиялық сипат алған жағдайда.

Экологиялық есеп – ақпаратты жинау, тіркеу және оны қорытындылау. Ол экологиялық шығындар мен экологиялық міндеттемелерді анықтау, бағалау, оны жоспарлау және болжамдау, оны бақылап, талдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді [2].

Ал, экологиялық міндеттемелер деп табиғи ресурстардың деградациясы мен қоршаған ортаның ластануын экономикалық бағалау деп түсіну керек.

Біздің ойымызша, жалпы кәсіпорындағы экологиялық есепке үш негізгі құрамдастар кіруі тиіс:

- экологиялық шығындар мен міндеттемелердің есебін жүргізу;
- экологиялық есептілік;
- экологиялық аудит.

Сонымен, біздің ойымызша, кәсіпорын есептерінде (атап айтқанда ұсынылған экологиялық есепте) табиғатты қорғау шараларының шығындарын, табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар ғана емес, сонымен қатар, өнеркәсіптік кәсіпорынның қоршаған ортаға келтірген зияны да көрсетілуі тиіс. Есепте ондай ақпаратты ашып көрсету пайдаланушыларға жалпы халық шаруашылығы үшін және бөлашақ ұрпақ үшін объектінің «зияндығы» туралы түсінік бере алады.

Қазіргі уақытта қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың экологиялық көрсеткіштер бойынша есептілігі негізінен статистикалық нысандармен шектелген. Экологиялық есептілік:

1) Кәсіпорын шығындарының жалпы құрамынан табиғатты қорғау шараларына шығыстарды бөліп шығаруға;

2) Кәсіпорын келтірген экономикалық зиянның жалпы шамасын бағалауға (ластағаны үшін төлем мен кредиторлық экологиялық берешектің жалпы шамасынан тұратын);

3) Кәсіпорынның экологиялық қызметіне, экологиялық шаралардың қаржылық тарабы туралы бар ақпаратты қоса алғанда, оперативтік бақылауды толығырақ жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұйымның қаржылық есебінде ұйымның экологиялық қызметі туралы ақпарат «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» аталған талаптарға сәйкес былайша ашып көрсетіледі [3]:

- күрделі салымдар бойынша;
- ағымдағы шығыстар бойынша;
- бағалау міндеттемелері бойынша;
- экологиялық қызметті қаржыландыру көздеру бойынша;
- экологиялық қызмет туралы басқа да маңызды ақпарат бойынша.

Маңызды болған жағдайда аталған ақпарат, күрделі салымдар мен ағымдағы шығыстар, оларды жабу көздері, ұйымның активтері мен міндеттемелері туралы ақпаратты ашып көрсету мәселелерін реттейтін бухгалтерлік есеп жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына қарай, ұйымның қаржылық есептілігінде ашып көрсетіледі (ҚР Қаржы министрлігі хатының 2 тармағы).

Экологиялық қызметпен байланысты күрделі салымдар туралы ақпаратта мынадай мәліметтер болуы тиіс (ҚР Қаржы министрлігі хатының 7 тармағы):

– экологиялық қызметпен байланысты объектілерді сатып алу (күру) (материалдық емес активтердің қозғалысы, НИОКР қорытындысы, негізгі топтар бойынша есепті жылдың ішіндегі негізгі қорлар қозғалысы туралы түсініктемеде);

– өндірісті ұйымдастыру және технологияларды жетілдіру үшін, өндірістік (технологиялық) процесті қайта жаңғырту барысында өнім сапасын жақсарту үшін, экологиялық қауіпсіздікті көтеретін өндірістің жаңа технологияларын енгізу және игеру үшін негізгі қорларды қайта жаңғырту туралы (қайта салу, қайта жабдықтау және қайта жаңғырту нәтижесінде негізгі қорлардың құнының өзгеруі туралы түсініктемеде).

Экологиялық қызметпен байланысты объектілерді ұстауға және пайдалануға кететін шығыстар туралы ақпарат Кірістер мен шығыстар туралы есептегі жеке «Экологиялық шаралар» бабында не болмаса сол Есепке Түсініктемеде, маңыздылығына қарай көрсетіге болады (ҚР Қаржы министрлігі хатының 7 тармағы).

Ұйымның барлық бағалаушы міндеттемелері туралы ақпарат Бухгалтерлік балансқа Түсініктемеде және Кірістер мен шығыстар туралы есепте беріледі.

Өзге бағалау міндеттемелері ішінде ұйымның алдағы міндеттемелерімен байланыстыларын жеке көрсетеді (ҚР Қаржы министрлігі хатының 13, 15 тармақтары):

– негізгі қорлардың қауіпті және зиянды объектілерін өолданумен байланысты экологиялық жүйені қалпына келтуі бойынша (ондай бағалау міндеттемелері негізгі қорлардың бастапқы құнына қосылады);

– қоршаған ортаға тигізген зиянды өтеуге талаптар бойынша (ондай бағалау міндеттемелері ұйымның басқа да шығыстарына жатқызылады).

Экологиялық қызметті жүзеге асыруға алынған қарыз қаражат туралы ақпарат, алынған қарыздар мен кредиттер бойынша міндеттемелердің орындалуымен байланысты шығыстар туралы ақпарат құрамында қосымша ашылады. Бухгалтерлік есептілікте, инвестициялық активтердің құнына кіргізілетін кредиторға төлеуге жататын пайыз сомасы туралы ақпаратты ашу кезінде, экологиялық қызметпен байланысты жобалар шеңберінде көрсетілген шығыстар туралы ақпарат қосымша ашылады (ҚР Қаржы министрлігі хатының 18 тармағы).

Сөйтіп, ұйымның экологиялық қызметі туралы ақпараттың көп бөлігі Бухгалтерлік балансқа Түсініктемеде және Кірістер мен шығыстар туралы есепте және Кірістер мен шығыстар туралы есепке түсініктемеде беріледі. Қаржылық есепке қосымша жүретін қосымша ақпарат құрамына экологиялық қызмет туралы мынадай мәліметтер келтіріледі:

– ұйым өткізетін және ұйымдастыратын негізгі шаралар тізбесі мен алдағы кезеңдерге арналған қаржылық зардаптардың сипаттамасы;

– экологиялық ақпарат жүйесін қалыптастыратын ұйымның ішкі есептілігіндегі мәліметтер;

– экологиялық қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторлар туралы ақпарат (жеке қаржылай қаражаттың жеткіліксіздігі, кредитор мен заемдар тарту мүмкіндігінің болмауы, инновациялардың жоғары құны, қоршаған ортаны ластау зардаптарын бағалаудың күрделілігі, т.б.);

– басқа да ұйымның экологиялық қызметі туралы маңызды ақпарат.

Тек қана мемлекеттік саясаттың тиісті бағыттары ғана табиғатты қорғау шараларын өткізуге басты ынталандыру бола алады. Сондықтан да мемлекет саясаты экологиялық талаптарды және олардың орындалуын бақылауды қатайтуға бағытталуы тиіс.

«Эрнст энд Янг» компаниясы бүкіл әлем бойынша 300 ұйым басшылары арасында сауалнама жүргізіп, оның қорытындысы сұралғандардың 94 пайызы ұлттық саясатты климаттың өзгеруіне ықпал ету саласындағы стратегияны қалыптастырудың маңызды факторы деп санайтынын көрсетті. Респонденттердің 81 пайызы, бұған

қатысты ғаламдық немесе халықаралық саясаттың маңыздылығын мойындайды. Атап айтқанда, тұрақты даму саласындағы есептілікке, әлеуметтік есептілікке талаптар енгізу мәселесін мемлекеттік деңгейде талқылайды.

Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағы (ӨКО) GRI принципiне негiзделген корпоративтік есептілік жүйесін әзірлеудің бастамашысы болды. Соған байланысты GRI басшылығының есептің экологиялық құрамына қоятын талабын қарастыру өзекті болмақ [4].

Тұрақтылықтың экологиялық құрамдас бөлігі ұйымның тірі және өлі табиғи жүйелеріне әсерімен байланысты, экожүйесін, жерді, суды, ауаны қоса алғанда. GRI стандартынан алғанда экологиялық құрамдас бөлігі анықтамасы ИСО стандарттары ұғымына сәйкес келеді. СТ РК ИСО 4050-2010 «Экологический менеджмент. Словарь ҚР СТ мемлекеттік стандартына [5] сәйкес, экологиялық аспект дегеніміз – бұл қоршаған ортамен өзара байланыса алатын ұйым қызметінің немесе өнімінің ия болмаса қызметінің элементі.

Ал, GRI сәйкес есепте кіріс табиғи көрсеткіштермен қатар (шикізат, энергия, су), шығыс көрсеткіштер де (атмосфераға шығарылымдар, су объектілеріне лақтырылымдар, қалдықтар) көрініс табуы тиіс.

Экологиялық көрсеткіштер, сонымен қатар қызметтің экологиялық құрамдас бөлігінің нәтижелерін, биоәртүрлілікпен және нормативтік талаптарға сәйкестігімен байланысты қорытындыларды, сондай-ақ басқа да маңызды ақпаратты, мысалы, қоршаған ортамен байланысты шығыстарды көрсетуі тиіс.

Менеджмент саласында тәсілдемелер туралы мәліметті экологиялық аспектілер бойынша көрсету қажет: шикізат; энергия; су; биоәртүрлілік; шығарылымдар, лақтырылымдар, қалдықтар; өнім және қызмет көрсетулер; талаптарға сәйкестілік; көлік; және жалпы аспектілер.

«Мақсаттар мен нәтижелілік» бөлімінің атауы білдіріп тұрғандай, компания тұрақты даму саласында алдына қандай мақсат қоятынын, нәтижелілік көрсеткіштері қандай болу керектігін ашуды білдіреді.

ИСО стандарттарына қайта орала отырып, СТ РК ИСО 14050-2010 «Экологический менеджмент. Словарь», Қолдану бойынша қойылатын талаптар мен басшылыққа алу» ҚР СТ мемлекеттік стандартына сәйкес, компанияларда мақсатты және жоспарлы экологиялық көрсеткіштер болуы тиістігін атай кеткен жөн.

Мақсатты экологиялық көрсеткіш – ұйым қол жеткізгісі келетін экологиялық саясаттан туындаған қоршаған орта жағдайының жалпы мақсатты көрсеткіші. Ол егер нақты болса, сандық мәнмен беріледі.

Жоспарлы экологиялық көрсеткіш – бұл мақсатты экологиялық көрсеткіштерден құралатын, мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу үшін белгіленіп, орындалуы тиіс, ұйымға немесе оның бөлімдеріне қойылатын, нақты болса сандық мәнде берілген, тиімділікке қатысты нақтыланып, тәптіштелген талап. Мұндай көрсеткіштерге ұмтылуды GRI бойынша есепте көрсету керек деп санаймыз.

Өз қызметінде ИСО стандарттарын пайдаланатын компанияларға тұрақты даму саласындағы есепті жасау қиындық тудырмайды. ИСО стандарттары мен GRI стандартында қолданылатын терминдер, критерийлер үйлеседі. Айталық, нәтижелілік бөлігінде СТ РК ISO 14001-2016 Экологиялық менеджмент жүйелері. Қолдану бойынша қойылатын талаптар мен басшылыққа алу-да» көрсетілген «экологиялық нәтижелілік», экологиялық мақсат», «экологиялық міндеттер» ұғымдары қолданылады.

GRI стандарты талаптарының логикасына қарай, әлеуметтік жауапты компания, ұйымның экологиялық аспектілерімен байланысты жалпы міндеттемелерін айқындайтын саясатқа ие болуы тиіс. Есепте сондай саясатқа сілтеме көрсету керек, оны ашық кіру үшін қайдан табуға болатынын көрсету қажет (мысалы, Интернеттегі құжатқа сілтеме бере отырып) [6].

ISO 14001-ге жүгіне отырып, экологиялық саясат дегеніміз – бұл ұйымның жоғарғы басшылығының экологиялық нәтижелілікке қатысты қызмет негізгі бағыттары мен ниеттері туралы ресми мәлімдемесі деп түсінеміз.

Ұйымдастырушылық жауапкершілік бөлімі, ұйымның экологиялық аспектілері үшін Компанияның жоғарғы басшылығынан кім жауапты екенін немесе жоғарғы басшылық арасында осы аспектілер үшін жауапкершілікті бөлуді ашуды көрсетеді.

Мониторинг және нәтижелер бойынша қабылданған әрекеттер бөлімі, экологиялық бақылаудың (ескертетін және одан кейінгі), экологиялық аудиттің, сертификациялаудың өз рәсімдерін суреттейді. Бұл жерде, стандартта, «кіріс» жеткізу мониторингіне ерекше назар аударылады.

Ең соңғы Қосымша контекстік ақпарат қосымша бөлімі. Біздің ойымызша, бұл бөлім тіпті де екінші дәрежелі емес, керісінше, негізгі мағыналық жүктемесі осы бөлімде. Стандартқа сәйкес қосымша маңызды ақпарат деп, мысалы, төмендегідей ақпаратты түсінеміз:

- негізгі шешуші табыстар мен кемшіліктер;
- негізгі операциялық экологиялық тәуекелдер және қоршаған ортамен байланысты мүмкіндіктер;
- нәтижелілікті көтеру үшін есепті кезеңде қабылданған ұйымның жүйелері мен құрылымдарындағы айтарлықтай өзгерістер;
- саясатты іске асыру немесе мақсаттарға жетуге арналған шешуші стратегиялар мен процедуралар.

Қорытынды

Тұрақты даму саласындағы есептілік корпоративтік есептіліктің құрамдас бөлігі болып табылады. Расында да, бүгінде «корпоративтік есептілік қаржылық есептілікпен шектелмейді, дегенмен қаржылық есеп, ақпаратты пайдаланушыларға компанияның ағымдағы жағдайын, оның қызметінің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беріп, ерекше маңызды роль атқарады және атқара да бермек».

Қаржылық есептілік әлеуметтік факторларды ашуда маңызды роль атқарады. тұрақты даму саласындағы есептілікті жаңа ғана бастаған немесе бастағысы келетін компанияларға, біздің пікірімізше, қаржылық есепке экологиялық, әлеуметтік ақпаратқа қатысты қосымша ақпаратты кіргізген дұрыс болар еді. Қаржылық есептілік форматы, қаржылық есептілікке түсіндірме жазба форматы мұны істеуге мүмкіндік береді.

Айталық, экологиялық сипаттағы ақпараттың мысалын алайық, оны қоршаған ортаны ластайтын компанияның қаржылық есептерінде ашу қажет.

«КПМГ» халықаралық экологиялық аудит желісінің «КПМГ Болинс» швед бөлімшесінің деректері бойынша корпорациялардың 69%-ы акционерлерге жылдық жоспарларын тапсырып, онда қызметіне бақылау жүргізіліп келе жатқан экологиялық аспектілерді көрсетеді.

Норвегияда зерттелетін компаниялардың 95 пайызы экологиялық мәселелерді қаржылық есептерінде көрсетеді. Жекелеген экологиялық баяндамаларды жыл сайын фирмалардың 23 пайызы дайындап отырады. Алайда, кейбір елдерде ғана есептілікте

экологиялық ақпаратты міндетті көрсету талабы бар, мысалы, болгарияда «Бухгалтерлік есеп туралы» заңға сәйкес кәсіпорындар «Қоршаған ортаны қорғау: шығындар» есебін толтыруы тиіс.

Әдебиет:

1. МСФО (IAS) 1 «Представление финансовой отчетности»: <https://pro1c.kz/articles/mezhdunarodnyie-standarty-finansovoy-otchetnosti/msfo-ias-1-predstavlenie-finansovoy-otchetnosti/> © pro1c.kz.
2. Е.Н. Мекебай. Қазақстан Республикасында экономикалық есеп пен есептілікті дамыту мәселелері // Халықаралық студенттік ғылыми хабаршы. – 2015. – № 5. – С.5.
3. ҚР Қаржы министрлігінің 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-ІІІ «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» хаттарында («Казахстанская правда», 29.12.2014ж.).
4. Е.В. Ильичева. Экологиялық есеп пен есептіліктің қазіргі заманғы мәселелері және оның қалыптасу перспективалары (мақала) // 8 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері «РФ қаржылық мәселелері және оны шешу жолдары: теория және тәжірибе» - 1 бөлім, СПб.: Политех.ун-т баспасы. - 2007. – С.75.
5. СТ РК ИСО 14050-2010 «Экологический менеджмент. Словарь» 15.10.2010 № 461 бұйрықпен енгізілген.
6. А.С. Тажибаева. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ластауынан табиғатты қорғау қызметінің аймақтық экономикалық механизмі // Ұлттың ғылыми-ағартушылық әлеуеті және елдің бәсекеге қабілеттілігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, М.Х. Дулати атындағы ТарГУ,-Тараз, 2008. – Б. 244-247.